

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

«оқытудың тың әдістемесі немесе оқытудың мүлде жаңаша жолдарын қарастырады» деп түсінбеу керек. Оқыту мен тәрбие беру үдерісінде ешқандай «науқандық», өтпелілікті көтере алмайтыны белгілі. Әсіресе, Қазақстан үшін. Сондықтан инновациялық технология – оқыту мен тәрбиелеудің ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту болып табылады. Бұған А.Байтұрсынұлы негізін салған мына жұмыс түрлері дәлел бола алады.

Ол қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелерін айқындауда төмендегі мәселелерді көтерген: Оқыту әдістерінің маңызына тоқталып, олардың шығу тарихын, ұтымды жағын қарастырып, алғаш пікір айтқан. Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданудың жолын көрсетіп, оны оқулық бетінде жариялаған. Әдістің бұл түрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, ізденімпаз, озат мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылып жүр. Ахмет Байтұрсынұлы көрнекілік әдісіне де ерекше мән беріп, оны жасауға қойылатын оқушы назарын ауытқытпау, жалықтырмау, оқушыны қызықтырып отыру, жазуға тез үйрету, оқушының сауатын ашуды жеңілдету, тездету сияқты негізгі талаптарды көрсеткен. Тілдік тақырыптармен байланыста тіл дамыту әдістемесі тұрғысынан тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай ұстанымын басшылыққа алған. Бұдан ғалымның дидактиканың заңдылықтарын терең біліп, оны оқулықта шебер қолданғанын көруге болады.

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Алматы, 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
3. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. /Құрастырған: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы, 2006. – 364 б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2000.
5. Оразахынова Н. Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу. – Алматы, 1997.

#### ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*РЫСБЕКҚЫЗЫ Г.,  
Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ докторанты*

Кез-келген тілде жетік сөйлеу үшін ол тілдің психологиясын және өзіндік ерекшеліктерін анықтап зерделей білу керек. Жалпы адамзатқа бірдей яғни ортақ тіл үйрену тәсілі десе де болады. Әр адамның тілді үйреніп, меңгеріп кетуі турасында өзіне ғана тән ерекше сипаты бар. Үйренетін тілдің күнделікті өмір белестеріне айналып кетуі ол тілде еркін сөйлеп кетуі үшін негізгі бағыт-бағдар болмақ. Жалпы әр адамның ми жүйесіндегі жинақталып, сұрыпталған ойы тілі арқылы көпшілікке таралады. Хәкім Абай айтқандай: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады»[1, 20 б.]. Сөйлеген сөзің, үйренетін тілің жүрекке бағынса ғана ұлттық рухың мен бастапқы тазалығыңды сақтайсың. Кез келген тілге машықтанып үйрену үшін сол елдің мәдениеті мен әдебиетіне шолу жасап, танысу сөздік қорды уақыт үрдісіне қарай толықтыру сол тілді үйренуге деген ынтаны арттырады. Тілтану ғылымы мен жантану ғылымын байланыстыра отырып, тілді үйрену концептісін қалыптастыруда көру, ойлау, есту, түйсіну, қабылдау, есте сақтау арқылы жүзеге асыру тілді сапалы, жүйелі меңгерудің негізгі жолы іспетті.

Тақырыбымызға сәйкес ағылшын аудиториясына қазақ тілін үйретуде психология жайлы түсінігімізді дамытып, салыстыра сабақтастырып тілді үйрену, жоспарын жүйелеу – негізгі міндеттердің бірі. Тіл дамыту, тіл және ойлау, тіл және санаға қабылдау ғылымдардың ішінде психологияға жақын. Тілді үйренетін адамның жас ерекшелігіне қарай бейімдеп түсіндіру жалпы алғанда психологиялық қабылдау факторлары арқылы қалыптасады. Тілдік қарым-қатынасты санада қалыптастырудың негізгі жолдары психология ғылымымен бірігіп, ойды жеткізу, сезіну, есте сақтау, сөздерді ойыңмен қорыту құбылыстары арқылы жанданады. Сыртқы болып жатқан объективтік қабылдау әсерінен есту, сезіну, қабылдау түсіну сезімдері толығып адамның сол тілде ойлануына және үйренетін тілінде жауап бере алуына жол ашылады. Мысалға, ойлау жүйесі кез-келген адамда тілдің көмегімен сыртқы ортаға тарайды. Үйренуші сол тілде сөйлеп, ойын еркін білдіру үшін тілдік құралдарын жүйелі өз қолданысына енгізе білуі шарт. Тілдік құралдарды өз қалағанымыздай қолданудың өзі дұрыс емес, белгілі бір ізге, талапқа бағынғаны жөн. Ол үшін психология танымына көз жүгірте отырып, көру, есту, ойлану арқылы тілдік құралдарды негізгі жүйе ізімен дұрыс меңгеріп, тілді толықтай үйренуге бағдар аламыз. Жоғарыда қаузағанымыздай тілдік қатынас, яғни коммуникацияның қалыптасуы адамның дұрыс ойлау процесімен тығыз байланысты. «Ойлаудың айрықша ерекшелігінің бірі оның сөзге деген қатысы болып табылады. Адамзаттың ойы сөзсіз, тілсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Сөздің мәні ойдан көрінеді. Ой тіл арқылы айтылады» [2, 356 б.].

Ағылшын ортасына өз ана тілімізді үйрету барысында тілдік ерекшеліктерді басты назарға ала отырып, психологиялық тұрғыдан жас ерекшелігіне қарай үйретудің өзіндік әдіс-тәсілдерін құра білу керек. Мектеп жасындағы бала мен ересек адамды тілге бейімдеудің өзіндік ерекшелігі мен қиындығы да бар. Сондықтан тілді үйретпес бұрын талаптанушы талапкерге ең алдымен жас ерекшелігін анықтап, сол ерекшеліктерді санадан тыс қалдырмай басшылыққа алып, әдіс-тәсілдердің өзіндік формасын жазып алған дұрыс.

### Жас ерекшеліктеріне қарай тілді үйрету әдіс-тәсілдері

Мектеп жасына дейінгі кезең	Кіші мектеп кезеңі	Жасөспірімдік кезең	Бозбала шақ және кемелдену кезеңі
«Еліктеу»	«Ойын»	«Салыстыру және мазмұндау»	«Өз бетінше үйрену және сөздікпен жұмыс»
Еліктеу – есту және көру қабілеттерін пайдалана отырып, тілді меңгеру	Ойын әдісін қолдана отырып тілді меңгеру. Асық ойынының үлгісін пайдаланып жаңа формада жаттықтыру	Үйренетін тілмен салыстыра отырып, ортақ мағыналас сөздерді тауып, сол тілдегі мәтіндерді өз деңгейіне сай мазмұнын айтуға бағыттау.	Сөздік қорды толықтыру мақсатында сөздерді жаттау, тілдің фонетикасы мен грамматикалық ерекшелігін толықтай түсіну.

Аталмыш жоғарыдағы кестені жеке-жеке түсіндіре кетсек. Алдымен, жас ерекшелік психологиясына түбегейлі тоқталған Ш.Сатиеваның зерттеулеріне назар аударайық. Ғалым даму психологиясының тармақтарын *нәрестелік шақ, мектеп жасына дейінгі психология, кіші мектеп жасындағы балалар психологиясы, ересектер, орта жас психологиясы, қарттық (геронопсихология) шақ* деп жіктеп, даму психологиясының міндеттерін ашып көрсетеді. Зерттеу жұмысымыздың барысында ілімнің мына міндеттеріне сүйендік:

- психикалық процестердің жас ерекшеліктеріне байланысты ерекшеліктерін танып білу;
- жас ерекшелігіне сай әр түрлі іс әрекеттердің ерекшелігін, заңдылығын меңгеру;
- оқу, үздіксіз білім беру үрдісін оптималды ұйымдастыру [3, 10-11бб.].

Мектеп жасына дейінгі тіл үйренуші балалардың ойын, тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында психологиялық тұрғыдан басшылыққа ала отырып, еліктеу теориясын тіл үйретуде әдіс ретінде пайдалану өз тиімділігін туғызады. Яғни мектеп жасына дейінгі кезең (3-7) жас аралығын қамтиды. Негізінен сана-сезімнің қалыптасу, есте сақтаудың өзіндік жүйелері санада қалыптасатын кезең. Баланың қоғам және өзі жайлы көзқарасының бір ізге түсіп, негізгі қасиеттері анықтала бастайтын уақыты деп психолог ғалымдар топшылайды.

Өзін өзі танып қоршаған ортаға жеке адам екенін білдіре бастайтын, өз ойынан хабардар бере алатын осы кезеңде тілдің алғашқы баспалдақтарын еңсеру маңызды нәтижеге алып келеді. Біз жоғарыда қарастырғанымыздай тілді осы кезеңде меңгеруге еліктеу және елестету тәсілдерін ұсындық. Қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға еліктеу арқылы баланың ойлау жүйесі қалыптасады. Түрлі бала жасына сай ертегілерді есту және көру, мультфильм кейіпкерлерін және түрлі қызықты әңгіме кейіпкерлерін көз алдына елестету арқылы қалыптасады. Алғаш сәби кезінде ым-ишараны түсінуі жақсы қалыптасқан баланың елестетуі де жақсы болады. Алғашында «ата», «апа», «ана», «әке» деп айту барысында тілді шетел баласына осы жастан бастап үйрену керек болса жоғарыдағы сөздерді айту және сол жеке тұлғаларды қолмен нұсқап көрсету арқылы сөздік қорын молайтуға яғни алғашқы түсінік қалыптастыруға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей дыбысқа еліктеу теориясын тілді меңгертуге пайдаланып, нәтижелі тиімді оқыту бағдарламасын да құруға болады. Себебі балаға дауыстап айтқан сайын соғұрлым жаттап есте сақтау да артып дамиды. Мысалы ағылшынның осы жастағы баласына осы теориялармен әдістерді пайдалана отырып үйрету оң нәтижесін береді.

Алғашында осы сөздерді дауыстап айту баланың есте сақтауын арттырады.

Grandfather – ата, grandmother - апа, dad – әке, mom – ана, bread – нан, horse – ат.

Келесі жеке сөздермен қатар сөз тіркестерін үйретумен сабақтасады.

Come here - Мында кел. Where is granny? – Апа қайда? I want that toy. – Ана ойыншықты алып бер. I want to drink. - Су ішемін. I want to eat. – Тамақ ішемін.

Аталған осы мысалдарды қайталау арқылы екі тілде қатар қолданып балаға үйрету тілге деген қызығушылығын арттырып, жаттау қабілетін елестету және есту арқылы нығайтады.

Келесі жас ерекшелік 6-7 жас аралығынан 11 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл жаста сана-сезімнің мектеп жасқа дейінгі кезеңнен қарағанда дамығанына көз жеткізуге болады. Кез-келген қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға өз ойын еркін айта білуге дағдыланып, жақсы-жаман қасиеттерді түсініп өз деңгейінде қабылдайтын шақ. Мысалға мектепте алған бағасына қарап өзінің сабаққа деген үлгерімі қандай екенін білгені сынды, әлеуметтік ортадағы өзгешеліктерді де өз болмысымен түсінуге тырысады. Осы жас аралығында тілді меңгерудің өзіндік ерекшеліктері бар. Кіші мектеп кезеңінде де «Ойын» әдісін пайдалана отырып, тілді жүйелі түрде меңгеруге болады. Ол үшін қазақтың ұлттық ойындарының бірден бірегейі асық ату ойыны арқылы тілді ерекше ұлттық дәстүрді меңгере отырып, түсінудің бірнеше үлгісін қалыптастырдық.

1. Арнайы суреттер беріледі. Екі топқа бөлінген үйренушілер асықты кезекпен иіру арқылы сұрақтарға ана тілімізде жауап береді.
2. Асық алшы түскен сәтте сұрақтың жауабы бірден айтылады. Көрсетілген жауапты қайталау арқылы талапкердің есінде және барлық үйренушілердің санасында жатталады.
3. Тізілген асықты ату арқылы асықтың астына жапсырылып қойылған сөздерді оқу арқылы сөздік қорын толықтырып жетілдіреді.
4. Екі тіл үйренуші асықтарды кезекпен иіру арқылы сөздердің қазақша баламасын айтып жарысады.

Жоғарыда санамалап көрсеткен ойын әдістері арқылы тілді үйрену деңгейі арта бастайды. Кез-келген жерде бәсекелестік болған жағдайда нәтижеге жету жүйелі болады.

Жасөспірімдік кезең 10-11 жастан бастап, 15 жас аралығын құрайды. Аталған осы кезең адамның жеке индивид ретінде тұтас қоғамды қабылдауынан басталады. Өз ойын ашық, анық айтуға дағдыланады. Жасөспірімдік шақ өз кемшіліктерінен қорытынды шығарып, сыни тұрғыдан өзін қалыптастыруға бағытталады бағдарын анықтайтын кезең. Осы жас аралығында өзін-өзі тануға қандай бағытқа икемділігі бар екені анықталады. Өзін жеке тұлға ретінде басқа адамдармен яғни үлкен топтармен, достары немесе сыныптастарымен салыстырады. Өзінің жеке басына, ішкі жан дүниесіне сыни тұрғыда қарап, жиі рухани құндылықтарды ішкі сезіміне ұялатуға тырысады. Әлеуметтік ортадағы өзінің орнын қалыптастырып, өзінің болмысына сай өмір сүруге икемделеді. Осы аталған жаста жас

ерекшелікке байланысты тілді үйретудің тәсіліне салыстыру арқылы және мазмұндауды үлгі ретінде көрсеттік. Ағылшын тіліндегі сөздермен қазақ тіліндегі сөздерді бір ізділікпен байланыстыра отырып жаттау. Ана тіліміздегі сөздерді ағылшын ұлтынан шыққан үйренуші өзінің тілімен салыстыра жаттайды. Қысқа мәтіндерді жаттап, сөзбе-сөз емес мазмұнын айтуға бейімделеді. Мәтінді мазмұндау арқылы сол тілдегі сөздерді жаттап, сөздік қорын дамытады. Бұл жаста тіл үйретуде аналитикалық тәсілді, немесе контенттік әдісті қолданған маңызды. Оның мақсаты тіл үйренушіні тілдік қатысымға енгізу. Оқушыларға қазақ тілінде қызықты түрлі тақырыптарда мәтін беріліп, сол мәтін негізінде әңгіме құру, талқылау ұсынылады. Мысалы, «қазақша түс жору», «қазақтың аңыздары», «сүйікті түсіңе қарай, мінезді анықтау», «қазақтың ырымдары» т.б.

Бозбала шақ 15-16 жас аралығы және ересектік яғни кемелдену кезеңі 20 жастан бастау алады. Адам өмір бойы оқу, іздену деген қағиданы ұстанса бастаған қадамы қателікке апармайды. Ешқандай адам мен кемелдендім, болып толдым жетеді деп айталмайды. Себебі адам баласы күн сайын үйреніп ізденіс, даму жолында жүру керек. Бозабала шақтан бастап адамның негізгі тұрақты образдық бейнесі қалыптасады. Қоғамда айтылған ойымен санасады және әлеуметтік ортаға жалпы қоғамға салмақты сұрақ тастай алады. Бозбала шақ пен кемелдену кезеңінде тілді меңгеру сөздікпен жүйелі түрде жұмыс жасаумен жалғасын табады. Өз бетінше тілді үйреніп, күнделікті дағдыға айналдыру тілді меңгерудің басты қағидаларының бірі. «Кейбір адамдар бірнеше тілді қатар сөйлейтін қоғамда тұрады және екі не одан да көп тілді бір уақытта меңгере алады» [4, 425 б.]

Қорыта келгенде тілді меңгеруде психологиялық факторлардың көмегі өлшеусіз екенін санамызға түйдік. Көру, есту, қабылдау сезімдері арқылы тілдік қарым-қатынасты дамытып, жүйелі меңгеруге деген бағытты қалыптастыратынын анықтадық. Ана тілімізді өзге ұлт өкілдеріне сауатты түрде үйретудің негіздерін психологиялық факторлармен негіздеп қорытынды шығардық. Тілтану мен жантану ғылымын байланыстыра отырып тілді үйрету білім беру жүйесіндегі озық тәжірибелердің бірі болып теориялық тұрғыда сараланып, практикада өзінің нәтижелігін көрсетуде.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қара сөздер. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Арда, 2007. - 165 б.
2. Молдахметова Г.М. Психология. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 581 б.
3. Сатиева Ш.С. Даму психологиясы. – Астана: Фолиант, 2012. – 230 б.
4. Фромкин В. Тіл біліміне кіріспе. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 586 б.

### А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІ

*БҮРКІТБАЕВА К.Е.*

*Т.Айбергенов атындағы №16 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, зерттеуші, магистр Астана, Қазақстан*

**Аннотация.** А. Байтұрсынов стал первым редактором газеты «Казак», учрежденной по инициативе местной интеллигенции. Главной задачей этого печатного органа было освещение проблем развития казахского языка, культуры и школьного образования.

Ключевые слова: культура, язык, образование, личность

**Abstract.** A. Baitursynov became the first editor of the Kazakh newspaper, founded on the initiative of the local intelligentsia. The main task of this printed organ was to highlight the problems of the development of the Kazakh language, culture and school education.

Keywords: culture, language, education, personality